

## **"Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының таратылуы туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 4 наурыздағы N 61 Каспий құбыр желісі консорциумында, сондай-ақ "Қазтүрікмұнай", "Қарақұдықмұнай" бірлескен кәсіпорындарында, "Дунга" кен орнын игеру жөніндегі "Оман Ойл Компани" компаниясымен контрактіде және басқа жобаларда қаржылық және өзге де халықаралық міндеттемелері бар "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының таратылуымен байланысты:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін мерзімде таратылатын "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының орнына Каспий құбыр желісі консорциумында, сондай-ақ "Қазтүрікмұнай", "Қарақұдықмұнай" бірлескен кәсіпорындарында, "Оман Ойл Компани" компаниясымен контрактіде қатысушыны айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің комиссиясы "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының мөрін Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне қайтарсын, персоналдарының есеп айырысуын және халықаралық міндеттемелер бойынша түскен қаржыларды республика бюджетіне жіберуді қамтамасыз етсін.

Таратылатын "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының есеп айырысу шоты бойынша бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылығына жүктелсін.

3. Тарату комиссиясы "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының қаржылық аудиті, оның дебиторлық және кредиторлық берешегін өтеу, еңбек келісімдерін реттеу жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

Премьер-Министр